

**Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын және олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектептерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 287 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8282 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 106 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 22.11.2014 № 106 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 21) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің қызметін ұйымдастыру қағидалары;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектептерінің қызметін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. «Спорт мектептерінде оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру тәртібінің регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Туризм және спорт агенттігі төрағасының 2003 жылғы 15 шілдедегі № 06-2-2/214 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2003 жылғы 8 тамызда № 2429 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетені, 2004 ж., № 1-4, 904-құжат жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Стратегиялық даму департаменті (Д.Ү. Қамзебаева) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Баспасөз хатшысы (Г.Б. Жалялитденова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының орынбасары Е.Б. Қанағатовқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға *Т. Ермагияев*

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н

Д е н с а у л ы қ

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
м и н и с т р і

С.

Қ ай ыр б е к о в а

-----  
2012 жылғы 14 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н

Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м м и н и с т р і

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Б.

Ж ұ м а ғ ұ л о в

-----  
2012 жылғы 3 желтоқсан

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

С п о р т

ж ә н е

д е н е

ш ы н ы қ т ы р у

і с т е р і

а г е н т т і г і

Т ө р а ғ а с ы н ы ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 8

қ ы р к ү й е к т е г і

№ 287 бұйрығына 1-қосымша

## **Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің қызметін ұйымдастырудың тәртібі туралы қағидалар**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар қосымша білім беру ұйымы ретінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің (бұдан әрі - БЖСМ) қызметін айқындайды.

2. БЖСМ меншік түріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан оқушылардың дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) бұқаралық-спорттық іс-шаралардың күнтізбесі - дене шынықтыру-спорт ұйымдарының оқу-жаттығу жұмысын күнтізбелік жылға жоспарлауы мен

өткізуін регламенттейтін ресми құжат;

2) дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган - дене шынықтыру және спорт саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган ;

3) нормативтік талаптар (тестілер) – оқушылардың спорт түрлерінен белгілі бір спорттық жаттығуларды орындауын есепке ала отырып оқушыларға қойылатын бақылау-ауыстыру талаптары, оларды орындау тиісті топқа ауысу үшін негізгі шарт болып табылады;

4) спорт түрі - біліктілік деңгейі, жаттығу ортасы, пайдаланылатын құрал-сайман мен жабдық, жарыс ережесі айрықша белгілері болып табылатын дене шынықтырудың құрамдас бөлігі;

5) спорттан жаттықтырушы-оқытушы – техникалық кәсіптік немесе жоғары кәсіптік білімі бар және оқыту қызметімен тікелей айналысатын жеке тұлға;

6) спорттық резерв – жасөспірімдердің және жастардың жарыстарына қ а т ы с а т ы н с п о р т ш ы л а р ;

7) спорттан аға жаттықтырушы-оқытушы – спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар құрамына жалпы басшылықты іске асыратын және оқыту қызметімен тікелей айналысатын спорттан жаттықтырушы;

8) ұлттық спорт түрлері – жарыс әрекеті нысанында тарихи қалыптасқан және өзіне тән дене шынықтыру жаттығуларын және дене шынықтыру белсенділігін ұйымдастырудың өзіндік ережелері мен тәсілдері бар халық ойындарын білдіретін дене шынықтырудың бір бөлігі;

9) халықаралық спорттық жарыстар - кемінде бес мемлекеттің өкілдері қатысатын спортшылар (командалар) арасындағы спорт түрінен сайыстар;

10) оқушы – БЖСМ-да спорт түрімен шұғылданатын адам.

4. БЖСМ негізгі мақсаты:

1) балалар мен жасөспірімдерді спортпен жүйелі шұғылдануға тарту;

2) балалардың белгілі бір спорт түрінен қабілетін анықтау;

3) физикалық, моральдік-ерік қасиеттерін тәрбиелеу.

5. БЖСМ негізгі міндеттері:

1) жаттығушылардың теория, әдістеме, спорт түрлерінің ережелерінен, тазалық және физиология саласында, қауіпсіздік техникасынан негізгі білім а л у ы н қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) спорттық шеберлігінің деңгейін көтеру;

3) жаттығушылардың жас тобына сәйкес таңдаған спорт түрінен нормативтік талаптарын (тестер) орындауын қамтамасыз ету;

4) спорт түрлері бойынша республиканың, облыстың, қаланың, ауданның құрама командаларына үміткерлерді дайындау;

5) БЖСМ жаттығушыларының спорттық іс-шараларға дайындалуын және қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

## **2. БЖСМ қызметін ұйымдастыру**

6. БЖСМ-де спорттағы зұлымдыққа табынушылық және зорлықты насихаттауға, адамның қадір-қасиетін кемсітуге, тыйым салынған препараттар мен ынталандырғыштарды пайдалануға жол берілмейді.

7. Оқу топтарын қалыптастыру спортпен шұғылдануға медициналық жағынан терістеу айғақтары жоқ 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер санынан ата-анасының өтініші бойынша медициналық қорытындысы болған жағдайда (тұрғылықты жері бойынша алғашқы медициналық-санитарлық көмек анықтамасы немесе дайындық кезеңіне қарамастан, дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерінің анықтамасы) жүзеге асырылады.

8. БЖСМ жұмысының негізгі нысандары:

1) оқу-жаттығу жиындары (жеке және топтық);

2) оқу-жаттығу жиындарындағы оқу-жаттығу сабақтары;

3) спорттық жарыстарға қатысу;

4) спорттық-сауықтыру лагерьлеріндегі оқу-жаттығу үдерісі;

5) медициналық қалпына келтіру іс-шаралары;

6) теориялық сабақтар;

7) оқушылардың нұсқаушылық және төрешілік практикасы.

9. Оқушылар физикалық дайындығы дәреженің негізінде топтарға алынады.

10. БЖСМ қызметін күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырады.

Спорттық-сауықтыру топтарын қоспағанда, оқу жылы 1 қыркүйектен басталады.

11. БЖСМ-де спорт түрі бойынша спорттық жетілдірудің кемінде екі тобы болса, бөлімге «спорт түрі бойынша мамандандырылған бөлімше» мәртебесі беріледі.

## **3. БЖСМ оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру**

12. БЖСМ-нің контингентінде ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, оқушылардың тұрақты және ауыспалы құрамы болады.

13. БЖСМ-нің алғашқы даярлық топтарына қабылданатын балалардың жасы осы Қағидаларға 1-қосымшада айқындалған.

14. БЖСМ-дегі оқу-жаттығу жұмысының режимі осы Қағидаларға 2-қосымшада айқындалған.

15. Оқушыларды қабылдау, оқу жылдары бойынша ауыстыру, бітіртіп шығару және оқудан шығарып жіберу БЖСМ директорының бұйрығымен рәсімделеді.

16. БЖСМ-нің алғашқы даярлық топтарына қабылдау жыл сайын 25 қыркүйекке дейін жүзеге асырылады. Оқушылар топтан шығып қалған жағдайда, жаттықтырушы-оқытушы топты бір ай мерзім ішінде толықтырады.

17. Топтарды қалыптастыру шарттары және қабылдауға қойылатын талаптар:

1) спорттық-сауықтыру топтарына спортпен шұғылдануға ниетті 6-дан 15 жасқа дейінгі барлық балалар, сондай-ақ, алғашқы даярлық тобына қабылдауға қойылатын талаптарды орындамаған, медициналық қарсы көрсетілімі болмаған (тұрғылықты жері бойынша алғашқы медициналық-санитарлық көмек анықтамасы) балалар алынады;

2) алғашқы даярлық топтарына 1-қосымшада спорт түрі бойынша белгіленген ең аз жасқа сәйкес спортпен шұғылдануға ниетті және дене тәрбиесі даярлығы бойынша нормативтік талаптардан (тестілерден) өткен, медициналық қарсы көрсетілім болмаған (тұрғылықты жері бойынша алғашқы медициналық-санитарлық көмек анықтамасы) балалар алынады;

3) оқу-жаттығу топтарына бастапқы даярлық топтарында кемінде бір оқу жылында дайындықтан өткен және жалпы физикалық және арнайы дайындық бойынша нормативтік талаптарды (тестілерді) орындаған, дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерінің рұқсаты бар балалар алынады;

4) спорттық жетілдіру топтарына оқу-жаттығу топтарында дайындықтан өткен және мынадай атақтар мен разрядтарды орындаған спортшылар алынады:

спорттың ойын түрлерінен, коньки спортынан, жеңіл атлетикадан, спорттық гимнастикадан – 1-спорттық разряд;

шығыс жекпе-жегінің олимпиадалық емес түрлерінен – «Қазақстан Республикасының спорт шебері», және спорттық жетілдіру тобының жалпы санынан кемінде 30% «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атағы бар спортшылар;

спорттың басқа түрлерінен – «Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер» ;

5) жоғары спорт шеберлігі топтарына спорттық жетілдіру топтарында дайындықтан өткен және мынадай спорттық атақтар мен разрядтарды орындағын спортшылар алынады :

спорттың ойын түрлерінен, коньки спортынан, жеңіл атлетикадан, спорттық гимнастикадан – «Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер»;

шығыс жекпе-жегінің олимпиадалық емес түрлерінен – «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері», және жоғары спорт шеберлігі тобының жалпы санынан кемінде 50% «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атағы бар спортшылар;

спорттың басқа түрлерінен – «Қазақстан Республикасының спорт шебері».

18. Тиісті дайындық жылдарында нормативтік талаптарды (тестілерді)

орындамаған оқушылар келесі оқу жылына көшірілмейді.

19. Келесі оқу жылына ауысуға бекітілген жасқа жетпеген оқушылар педагогикалық кеңестің шешімі бойынша, БЖСМ директорының бұйрығымен, оң медициналық қорытынды болған жағдайда, уақытынан ерте ауыстырылады.

20. Келесі оқу жылына немесе даярлық кезеңіне ауысуға арналған нормативтік талаптарды (тестілерді) орындамаған оқушылар БЖСМ директорының бұйрығымен аталған дайындық кезеңінде оқуды кемінде бір рет қайта жалғастырады немесе спорттық-сауықтыру кезеңіне ауыстырылады. Нормативтік талаптарды (тестілерді) кейіннен орындаған жағдайда, БЖСМ директорының бұйрығымен оқушылар спорттық-сауықтыру тобына ауыстырылған оқу жылына қайта қабылданады.

21. Оқу-жаттығу жұмыстары кезеңінде топтарды толықтыру үшін БЖСМ басшысының бұйрығымен нормативтік талаптарды (тестілерді) орындау нәтижесіне байланысты алдыңғы оқу жылындағы оқушылар қабылданады. Оқу-жаттығу жұмысының тәртібі және берілген топтың толтырылуы оқудың әрбір кезеңінің соңына дейін сақталады.

22. Оқушы басқа спорттық ұйымға ауысқан жағдайда және «Қазақстан Республикасының спорт шебері», «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атағын орындаған кезде, сонымен қатар оның жарыстарға қатысу қорытындылары бойынша нәтижелері БЖСМ-ге және спорттық ұйымға бірдей есептеледі және спортшының нәтижеге жеткен күнінен бастап осы тектес жарыстар өткізілгенге дейін (1, 2 немесе 4 жыл) күшінде б о л а д ы .

23. Оқушылардың контингенті, оқу топтарының санын және БЖСМ-дегі оқу сағаттарының жылдық есебін жыл сайын оқу жылының басында 1 қыркүйекте б а с қ а р у о р г а н ы б е к і т е д і .

24. БЖСМ-де оқу жылы аяқталған кезде, топтардың сандық құрамы оқу жылының басында бекітілгеннен кемінде 50%-ды құрауы тиіс.

25. Спорт түрлері бойынша бөлімшелердегі оқу-жаттығу сабақтары 52 аптаға есептелген спорт түрлері бойынша бағдарламаларға сәйкес, оқу-жаттығу жиындарына, жарыстарға, спорттық-сауықтыру лагерлеріне қатысу және спорттық жетілдіру және жоғары спорт шеберлігі топтары оқушыларының демалысы кезіндегі жеке жоспарлары есепке алына отырып, өткізіледі.

26. Оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру оқу-жаттығу және спорттық іс-шараларды өткізуді, спорттық-сауықтыру лагерлерін ұйымдастыруды, медициналық қызмет көрсетуді, оқу-жаттығу және спорттық іс-шараларға іссапарға жіберуді, сондай-ақ спорттық керек-жарақпен, фармакологиялық және қалпына келтіру жабдықтарымен, спорттық құрал-сайманмен және жабдықтармен қамтамасыз етуді қамтиды.

27. Осы Қағидалар негізінде БЖСМ спорт түрлерінің ерекшелігін, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етілуін есепке ала отырып, басқару органымен келісім бойынша БЖСМ директоры бекітетін жұмыс жоспарын әзірлейді.

28. БЖСМ облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуға жіберілген командалар мен оқушыларды дайындау үшін оқу-жаттығу жұмысына арналған қаржы шегінде ұзақтығы 18 күнге дейін республикалық және ұзақтығы 24 күнтізбелік күнге дейін халықаралық жарыстарға оқу-жаттығу жинадырын өткізеді.

29. Бір сабақтың ұзақтығы: спорттық-сауықтыру топтарында және алғашқы даярлық топтарында - екі-үш академиялық сағаттан;

оқу жаттығу топтарында – кемінде аптасына төрт рет сабақ өту кезінде үш-төрт академиялық сағаттан;

аптасына жүктемесі 20 және одан да көп сағатты құрайтын топтарда - аптасына – төрт академиялық сағатқа, ал күніне екі рет жаттығу сабағы кезінде - үш академиялық сағатқа дейін;

спорттық жетілдіру және жоғары спорт шеберлігі топтарында - төрт академиялық сағатқа дейін болады.

30. Қазіргі бессайыстан сабақтарға қаражат бөлуді есептеу кезінде, оқу сағаттары 2,5 есеге көбейтілді, спорттық және көркем гимнастика, конькиде мәнерлеп сырғанау, суға секіру, акробатика, үйлесімді жүзу, биатлон, фристайл, су шаңғысы спорты, триатлоннан, шаңғы қоссайысы, жеңіл атлетика көпсайысы, полиатлоннан сабақтарға қаражат бөлуді есептеу кезінде оқу сағаттары - оқу бағдарламасына енетін спорт түрлері бойынша жаттықтырушы-оқытушылардың еңбек ақысы есепке алына отырып, 2 есеге көбейтіледі.

31. Оқу сабақтарының сағаттар санын көбейту топпен жұмыс істеуге негізгі жаттықтырушы-оқытушы және спорттың шектес түрлері бойынша жаттықтырушы-оқытушыларды бірден алған жағдайда жүргізіледі.

32. Оқу-жаттығу топтарында, спорттық жетілдіру және жоғары спорт шеберлігі топтарында сабақ өткізу үшін осы топтарға арнап бекітілген оқу-жаттығу жұмысының оқу бағдарламасындағы сағат сандарының шегінде, барлық спорт түрлерінен негізгі жаттықтырушы-оқытушыдан басқа, қосымша екінші жаттықтырушы-оқытушы жұмысқа тартылады.

33. Спорттық және көркем гимнастика, акробатика, үйлесімді жүзу, конькиде мәнерлеп сырғанау бөлімшелерінде оқу-жаттығу сабақтарының жалпы санының 70%-на дейін музыкалық сүйемелдеумен жүргізіледі. Суға секіруде, батутта секіруде, фристайлда сүйемелдеушілердің мөлшерлемелері оқу жоспары бойынша хореографияға бөлінген жалпы сағат саны есебінен көзделеді.

#### 34. Топтар бойынша спорт түрлерін бөлу:

- 1) бірінші топ: акробатика, биатлон, бобслей, спорттық гимнастика, көркем гимнастика, тау шаңғысы спорты, шаңғы қоссайысы, шаңғы жарысы, ат спорты, жеңіл атлетика көпсайысы, сырықпен секіру, желкенді спорт, суға секіру, батутта секіру, шаңғымен серіппе тақтайдан секіру, теннис, шана спорты, үйлесімді жүзу, шыңға өрмелеу, садақ ату, нысана көздеу, стенд ату, қазіргі көпсайыс, мәнерлеп сырғанау, фристайл, семсерлесу, велоспорт (трек, тас жол), су шаңғысы спорты, автомобиль, мотоцикл, су моторлы, су асты, ұшақ, тікұшақ, желкерме, планер, дельта планер спорт түрлері, спорттық жүріс, марафон, триатлон, полиатлон және қолданбалы спорт түрлері;
- 2) екінші топ: спорттың командалық ойын түрлері;
- 3) үшінші топ: спорттың барлық қалған түрлері;
- 4) төртінші топ; ұлттық ат спорты түрлері (бәйге, аламан бәйге, жорға, қыз қуу, аударыспақ, теңге алу) қыран құстармен аң аулау-саят, есу слалом;
- 5) көкпар.

35. Бірінші топқа енгізілген спорт түрлерінде негізгі жаттықтырушы-оқытушыдан басқа шектес спорт түрлерінің жаттықтырушы-оқытушылары, сондай-ақ хореографтар, сүйемелдеушілер жұмысқа шақырылады.

#### 4. Басқару және кадрлық қамтамасыз ету

36. Спорт түрлерінен бөлімшелерде жаттықтырушылар кеңесі құрылады. Жаттықтырушылар кеңестерінде бөлімшенің аға жаттықтырушы-оқытушыларының басшылық етуімен кемінде айына 1 рет оқу-жаттығу, тәрбие жұмысы, спортшыларды даярлауды жеке жоспарлау, жарыстарға қатысу мәселелері қаралады.

37. Спорт түрлері бойынша бөлімшелерде егер олардың әрқайсысының басшылығымен толық жүктемемен кемінде 3 жаттықтырушы-оқытушы жұмыс істейтін болса, онда БЖСМ директорының бұйрығымен жетекші жаттықтырушы-оқытушылар арасынан бөлімшенің аға жаттықтырушы-оқытушылары тағайындалады. Бұл ретте екі қосымша жұмыс істеуші бір штаттық жаттықтырушы-оқытушы болып есептеледі. Аға жаттықтырушы-оқытушылар бөлімшеге түгелдей басшылық жасау үшін де, оқу кезеңдері, жасөспірімдер мен қыздардың құрамы бойынша да тағайындалады.

38. БЖСМ директоры және оның қызметкерлері арасында өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек келісімшарты бойынша жүзеге асырады.



## 5. Құжаттама, есеп беру тәртібі және есептілік

39. БЖСМ-нің мынадай құжаттамасы болуы қажет:

- 1) қосымша білім берудің оқу бағдарламасы;
- 2) өткен жылғы жұмысты талдау, директор бекіткен мектептің ұйымдық, оқу, спорттық-бұқаралық, тәрбиелік, әдістемелік, қаржы-шаруашылық жұмысы, біліктілікті арттыру, медициналық қамтамасыз ету, ата-аналармен жұмыс, жалпы білім беретін мектептермен және кәсіптік-техникалық училищелермен өзара іс-қимыл бөлімдерінен тұратын жылдық жұмыс жоспары;
- 3) жарыстардың, қабылдау, бақылау және шығару нормативтік талаптарын (тестілерін) орындау хаттамалары, олардың жалпы және арнаулы физикалық, техникалық даярлау бойынша орындалуын талдау және сынақтан өту кестелері;
- 4) спорттық жетілдіру мен жоғары спорт шеберлігі топтарының әрбір оқушысына арналған жеке жоспарлар;
- 5) БЖСМ картасы, БЖСМ-дағы спортшылардың, жаттықтырушы-оқытушылардың жеке карталары осы Қағидаларға 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес;
- 6) оқу-сабақтарының кестесі;
- 7) спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушылардың оқу жұмысының (үлгілік) есеп журналы;
- 8) БЖСМ оқушыларының жасы, оқу жылының басындағы спорттық дайындығы және шұғылдану өтілі көрсетіліп, директордың бұйрығымен бекітілген бөлімшелер мен оқу топтары бойынша мектеп оқушыларының тізімі;
- 9) басқару органы бекіткен жаттықтырушы-оқытушылар құрамының тарифтік тізімі;
- 10) педагогикалық және жаттықтырушылар кеңесінің хаттамалары;
- 11) кіріс және шығыс құжаттамасының папкалары;
- 12) мектеп оқушыларының жеке іс қағаздары, бұйрық кітаптары, еңбек кітапшаларын, сенімхаттар мен басқа да құжаттарды беру кітабы;
- 13) 5-ФК статистикалық нысаны бойынша есептер;
- 14) Спорт түрлері бойынша бағдарламалар, қазіргі ғылыми-әдістемелік талаптарға сәйкес әзірленген спортшыларды жеке дайындау жоспарлары;
- 15) жаттықтырушы-оқытушылардың оқу жұмысын есепке алу журналдары б о л а д ы .

40. БЖСМ қызметкерлерінің штаттық кестесін БЖСМ-де жүргізілетін спорт түрлерін және спорт ғимараттарының санаттарын ескере отырып, басқару органының басшысы бекітеді.

41. БЖСМ басқару органымен келісім бойынша басшы бекітетін оқушының эмблемасын, билетін белгілейді.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің қызметін ұйымдастырудың тәртібі туралы қағидаларға 1-қосымша

**БЖСМ алғашқы даярлық топтарына қабылданатын балалардың жасы**

Жасы (жыл)	Спорт түрлері
4-5	Мәнерлеп сырғанау
6-8	Спорттық гимнастика (қыздар), көркем гимнастика, теннис
7-9	Акробатика, су шаңғысы спорты, спорттық гимнастика (ұлдар), үстел теннисі, жүзу, суға секіру, батутта секіру, үйлесімді жүзу, ушу, фристайл, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ
8-10	Бадминтон, баскетбол, қалашық спорты, спорттық бағдарлау, футбол, спорттық туризм
9-11	Бейсбол, биатлон, су добы, волейбол, қол добы, коньки спорты, жеңіл атлетика, шаңғы жарысы, шаңғы қоссайысы, желкен спорты, шаңғымен тақтай серіппеден секіру, регби, көгалдағы хоккей, допты хоккей, шайбалы хоккей, шорт-трек, ұлттық ат спорты түрлері, ұлттық спорт түрлері
10-12	Сомдалу, бильярд спорты, бокс, велоспорт, еркін күрес, кір тасы спорты, академиялық есу, байдарка мен каноэде есу, дзюдо, каратэ-до, кекусинкай, кикбоксинг, грек-рим күресі, самбо, шаңғы спорты, шыңға өрмелеу, қазіргі көпсайыс, нысана көздеу, таэквандо, триатлон, ауыр атлетика (жасөспірімдер), семсерлесу, ат спорты, еспе слалом
11-13	Садақ ату
12-14	Стенд ату
13-14	Ауыр атлетика (қыздар)

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің қызметін ұйымдастырудың тәртібі туралы қағидаларға 2-қосымша

**Оқу-жаттығу жұмысының режимі**

Кезеңнің атауы	Оқу жылы	Аптасына сағат саны	Топтарының толықтығы				
			Спорт түрлері бойынша топтары (адам)				
			1	2	3	4	5
1	2	3	4	5	6	7	8
Жоғары спорт шеберлігі	Барлық кезеңде	32 (36)	3	6	4	2	4
Спорттық жетілдіру	1 жыл	2 4	5	6	6	3	4
	2 жыл	2 6	4	6	5	3	4
	2 жылдан жоғары	28	4	6	5	3	4
Оқу-жаттығу	1 жыл						
	2 жыл	1 2 1 4	8 8	1 2 1 2	1 0 1 0	5 4	6 6



2 0																			
1 9																			
18 және т.б.																			

### III. Спорт резервін даярлау

Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командалар	20__ж.	20__ж.	20__ж.	20__ж.
Негізгі құрам				
Жастар құрамы				
Жасөспірімдер құрамы				

### IV. Жаңадан даярланды

Біліктілігі	20__ж.	20__ж.	20__ж.	20__ж.
ЖДСШ				
СШ				

### V. Жарыстарға қатысқан оқушылар саны

Құрамы	Иеленген орны	Халықаралық				Республикалық				Облыстық			
		20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	200__	20__	20__	20__
Жасөспірімдер	10-ғы 1-3 орын												
Жастар	10-ғы 1-3 орын												

### VI. Жұлделі жеке және командалық орындар

Жарыс деңгейі	20__ж.	20__ж.	20__ж.	20__ж.
Халықаралық				
Республикалық				
Облыстық				

Директор \_\_\_\_\_

Оқу бөлімі бойынша директордың орынбасары \_\_\_\_\_

Аға жаттықтырушы \_\_\_\_\_

Балалар мен жасөспірімдер спорт

мектептерінің қызметін

ұйымдастырудың тәртібі туралы

қағидаларға 4-қосымша

Нысан

**Жаттықтырушы-оқытушының жеке карточкасы**





					Табанның ұзындығы	Саусақтарды жұму күші	өкпенің өмірлік көлемі	пайдалану Мл/мин	Мл /мин/ кг		
БЖСМ-ға қабылданған кездегі бастапқы мәліметтер: Алғашқы даярлық	1 2										
Оқу-жаттығу	1 2 3 4 5										
Спорттық жетілдіру	1 2 3										
Жоғары спорт шеберлігі	Кезең бойы										
Топтар	Оқу жылы	Жалпы дене дайындығы								Арнайы даярлық	Үздік спортты көрсетк
		30 м7 ге жүгіру	Жүріру 6 мин	Жүгіру 10 сек	Айналма жүгіру 3 *10 м	Орнында тұрып ұзындыққа секіру	Тартылу е	Допты отырып лақтыру 2 кг	Абалақовша жоғарыға секіру		
Бастапқы мәліметтер: Алғашқы даярлық	1 2										
Оқу-жаттығу	1 2 3 4 5										
Спорттық жетілдіру	1 2 3										
Жоғары спорт шеберлігі	Кезең бойы										

Келесі даярлық кезеңіне өту және БЖСМ бітіру туралы белгілер:

ОЖТ-ға \_\_\_\_\_

СШЖТ-ға \_\_\_\_\_

ЖСШТ-ға \_\_\_\_\_

бітіруші \_\_\_\_\_

Жаттықтырушы-оқытушы \_\_\_\_\_





7) спорттан аға жаттықтырушы-оқытушы – спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар құрамына жалпы басшылықты іске асыратын және оқыту қызметімен тікелей айналысатын спорттан жаттықтырушы;

8) ұлттық спорт түрлері – жарыс әрекеті нысанында тарихи қалыптасқан және өзіне тән дене шынықтыру жаттығуларын және дене шынықтыру белсенділігін ұйымдастырудың өзіндік ережелері мен тәсілдері бар халық ойындарын білдіретін дене шынықтырудың бір бөлігі;

9) халықаралық спорттық жарыстар - кемінде бес мемлекеттің өкілдері қатысатын спортшылар (командалар) арасындағы спорт түрінен сайыстар;

10) оқушы – ОРМБЖМ-да спорт түрімен шұғылданатын адам.

4. ОРМБЖМ негізгі мақсаты:

1) балалар мен жасөспірімдерді спортпен жүйелі шұғылдануға тарту;

2) балалардың белгілі бір спорт түрінен қабілетін анықтау;

3) физикалық, моральдік-ерік қасиеттерін тәрбиелеу.

5. ОРМБЖМ негізгі міндеттері:

1) жаттығушылардың теория, әдістеме, спорт түрлерінің ережелерінен, тазалық және физиология саласында, қауіпсіздік техникасынан негізгі білім алуын қамтамасыз ету;

2) спорттық шеберлігінің деңгейін көтеру;

3) жаттығушылардың жас тобына сәйкес таңдаған спорт түрінен нормативтік талаптарын (тестер) орындауын қамтамасыз ету;

4) спорт түрлері бойынша республиканың, облыстың, қаланың, ауданның құрама командаларына үміткерлерді дайындау;

5) ОРМБЖМ жаттығушыларының спорттық іс-шараларға дайындалуын және қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

## **2. ОРМБЖМ қызметін ұйымдастыру**

6. ОРМБЖМ-де спорттағы зұлымдыққа табынушылық және зорлықты насихаттауға, адамның қадір-қасиетін кемсітуге, тыйым салынған препараттар мен ынталандырғыштарды пайдалануға жол берілмейді.

7. Оқу топтарын қалыптастыру спортпен шұғылдануға медициналық жағынан терістеу айғақтары жоқ 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер санынан ата-анасының өтініші бойынша медициналық қорытындысы болған жағдайда (тұрғылықты жері бойынша алғашқы медициналық-санитарлық көмек анықтамасы немесе дайындық кезеңіне қарамастан, дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерінің анықтамасы) жүзеге асырылады.

8. ОРМБЖМ жұмысының негізгі нысандары:

1) оқу-жаттығу жиындары (жеке және топтық);

- 2) оқу-жаттығу жиындарындағы оқу-жаттығу сабақтары;
  - 3) спорттық жарыстарға қатысу;
  - 4) спорттық-сауықтыру лагерьлеріндегі оқу-жаттығу үдерісі;
  - 5) медициналық қалпына келтіру іс-шаралары;
  - 6) теориялық сабақтар;
  - 7) оқушылардың нұсқаушылық және төрешілік практикасы.
9. Оқушылар физикалық дайындығы дәреженің негізінде топтарға алынады.
10. ОРМБЖМ қызметін күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырады. Спорттық-сауықтыру топтарын қоспағанда, оқу жылы 1 қыркүйектен басталады.
11. ОРМБЖМ-де спорт түрі бойынша спорттық жетілдірудің кемінде екі тобы болса, бөлімге «спорт түрі бойынша мамандандырылған бөлімше» мәртебесі беріледі.
12. ОРМБЖМ мәртебесі кемінде 2/3 мамандандырылған бөлімше болған кезде айқындалады.

### **3. ОРМБЖМ оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру**

13. ОРМБЖМ-нің контингентінде ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, оқушылардың тұрақты және ауыспалы құрамы болады.
14. ОРМБЖМ-нің алғашқы даярлық топтарына қабылданатын балалардың жасы осы Қағидаларға 1-қосымшада айқындалған.
15. ОРМБЖМ-дегі оқу-жаттығу жұмысының режимі осы Қағидаларға 2-қосымшада айқындалған.
16. Оқушыларды қабылдау, оқу жылдары бойынша ауыстыру, бітіртіп шығару және оқудан шығарып жіберу ОРМБЖМ директорының бұйрығымен рәсімделеді.
17. ОРМБЖМ-нің алғашқы даярлық топтарына қабылдау жыл сайын 25 қыркүйекке дейін жүзеге асырылады.
18. Топтарды қалыптастыру шарттары және қабылдауға қойылатын талаптар:
- 1) спорттық-сауықтыру топтарына спортпен шұғылдануға ниетті 6-дан 15 жасқа дейінгі барлық балалар, сондай-ақ, алғашқы даярлық тобына қабылдауға қойылатын талаптарды орындамаған, медициналық қарсы көрсетілімі болмаған (тұрғылықты жері бойынша алғашқы медициналық-санитарлық көмек анықтамасы) балалар алынады;
  - 2) алғашқы даярлық топтарына 1-қосымшада спорт түрі бойынша белгіленген ең аз жасқа сәйкес спортпен шұғылдануға ниетті және дене тәрбиесі даярлығы бойынша нормативтік талаптардан (тестілерден) өткен, медициналық қарсы көрсетілім болмаған (тұрғылықты жері бойынша алғашқы медициналық-санитарлық көмек анықтамасы) балалар алынады;

3) оқу-жаттығу топтарына бастапқы даярлық топтарында кемінде бір оқу жылында дайындықтан өткен және жалпы физикалық және арнайы дайындық бойынша нормативтік талаптарды (тестілерді) орындаған, дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерінің рұқсаты бар балалар алынады;

4) спорттық жетілдіру топтарына оқу-жаттығу топтарында дайындықтан өткен және мынадай атақтар мен разрядтарды орындаған спортшылар алынады:

спорттың ойын түрлерінен, коньки спортынан, жеңіл атлетикадан, спорттық гимнастикадан – 1-спорттық разряд;

шығыс жекпе-жегінің олимпиадалық емес түрлерінен – «Қазақстан Республикасының спорт шебері», және спорттық жетілдіру тобының жалпы санынан кемінде 30% «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атағы бар спортшылар;

спорттың басқа түрлерінен – «Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер» ;

5) жоғары спорт шеберлігі топтарына спорттық жетілдіру топтарында дайындықтан өткен және мынадай спорттық атақтар мен разрядтарды орындағын спортшылар алынады :

спорттың ойын түрлерінен, коньки спортынан, жеңіл атлетикадан, спорттық гимнастикадан – «Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер»;

шығыс жекпе-жегінің олимпиадалық емес түрлерінен – «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері», және жоғары спорт шеберлігі тобының жалпы санынан кемінде 50% «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атағы бар спортшылар;

спорттың басқа түрлерінен – «Қазақстан Республикасының спорт шебері».

19. Тиісті дайындық жылдарында нормативтік талаптарды (тестілерді) орындамаған оқушылар келесі оқу жылына көшірілмейді.

20. Келесі оқу жылына ауысуға бекітілген жасқа жетпеген оқушылар педагогикалық кеңестің шешімі бойынша, ОРМБЖМ директорының бұйрығымен, оң медициналық қорытынды болған жағдайда, уақытынан ерте ауыстырылады .

21. Келесі оқу жылына немесе даярлық кезеңіне ауысуға арналған нормативтік талаптарды (тестілерді) орындамаған оқушылар ОРМБЖМ директорының бұйрығымен аталған дайындық кезеңінде оқуды кемінде бір рет қайта жалғастырады немесе спорттық-сауықтыру кезеңіне ауыстырылады. Нормативтік талаптарды (тестілерді) кейіннен орындаған жағдайда, ОРМБЖМ директорының бұйрығымен оқушылар спорттық-сауықтыру тобына ауыстырылған оқу жылына қайта қабылданады.

22. Оқу-жаттығу жұмыстары кезеңінде топтарды толықтыру үшін ОРМБЖМ басшысының бұйрығымен нормативтік талаптарды (тестілерді) орындау

нәтижесіне байланысты алдыңғы оқу жылындағы оқушылар қабылданады. Оқу-жаттығу жұмысының тәртібі және берілген топтың толтырылуы оқудың әрбір кезеңінің соңына дейін сақталады.

23. Оқушы басқа спорттық ұйымға ауысқан жағдайда және «Қазақстан Республикасының спорт шебері», «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атағын орындаған кезде, сонымен қатар оның жарыстарға қатысу қорытындылары бойынша нәтижелері ОРМБЖМ-ге және спорттық ұйымға бірдей есептеледі және спортшының нәтижеге жеткен күнінен бастап осы тектес жарыстар өткізілгенге дейін (1, 2 немесе 4 жыл) күшінде б о л а д ы .

24. Оқушылардың контингенті, оқу топтарының санын және ОРМБЖМ-дегі оқу сағаттарының жылдық есебін жыл сайын оқу жылының басында 1 қыркүйекте басқару органы бекітеді.

25. ОРМБЖМ-де оқу жылы аяқталған кезде, топтардың сандық құрамы оқу жылының басында бекітілгеннен кемінде 50%-ды құрауы тиіс.

26. Спорт түрлері бойынша бөлімшелердегі оқу-жаттығу сабақтары 52 аптаға есептелген спорт түрлері бойынша бағдарламаларға сәйкес, оқу-жаттығу жиындарына, жарыстарға, спорттық-сауықтыру лагерлеріне қатысу және спорттық жетілдіру және жоғары спорт шеберлігі топтары оқушыларының демалысы кезіндегі жеке жоспарлары есепке алына отырып, өткізіледі.

27. Оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру оқу-жаттығу және спорттық іс-шараларды өткізуді, спорттық-сауықтыру лагерлерін ұйымдастыруды, медициналық қызмет көрсетуді, оқу-жаттығу және спорттық іс-шараларға іссапарға жіберуді, сондай-ақ спорттық керек-жарақпен, фармакологиялық және қалпына келтіру жабдықтарымен, спорттық құрал-сайманмен және жабдықтармен қамтамасыз етуді қамтиды.

28. Осы Қағидалар негізінде ОРМБЖМ спорт түрлерінің ерекшелігін, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етілуін есепке ала отырып, басқару органымен келісім бойынша ОРМБЖМ директоры бекітетін жұмыс ж о с п а р ы н ә з і р л е й д і .

29. ОРМБЖМ облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуға жіберілген командалар мен оқушыларды дайындау үшін оқу-жаттығу жұмысына арналған қаржы шегінде ұзақтығы 18 күнге дейін республикалық және ұзақтығы 24 күнге дейін халықаралық жарыстарға оқу-жаттығу жиындарын ө т к і з е д і .

30. Бір сабақтың ұзақтығы: спорттық-сауықтыру топтарында және алғашқы даярлық топтарында - екі-үш а к а д е м и я л ы қ сағаттан; оқу жаттығу топтарында – кемінде аптасына төрт рет сабақ өту кезінде

үш - төрт академиялық сағаттан;  
аптасына жүктемесі 20 және одан да көп сағатты құрайтын топтарда -  
аптасына – төрт академиялық сағатқа, ал күніне екі рет жаттығу сабағы кезінде -  
үш академиялық сағатқа дейін;  
спорттық жетілдіру және жоғары спорт шеберлігі топтарында - төрт  
академиялық сағатқа дейін болады.

31. Қазіргі бессайыстан сабақтарға қаражат бөлуді есептеу кезінде, оқу сағаттары 2,5 есеге көбейтілді, спорттық және көркем гимнастика, конькиде мәнерлеп сырғанау, суға секіру, акробатика, үйлесімді жүзу, биатлон, фристайл, су шаңғысы спорты, триатлоннан, шаңғы қоссайысы, жеңіл атлетика көпсайысы, полиатлоннан сабақтарға қаражат бөлуді есептеу кезінде оқу сағаттары - оқу бағдарламасына енетін спорт түрлері бойынша жаттықтырушы-оқытушылардың еңбек ақысы есепке алына отырып, 2 есеге көбейтіледі.

32. Оқу сабақтарының сағаттар санын көбейту топпен жұмыс істеуге негізгі жаттықтырушы-оқытушы және спорттың шектес түрлері бойынша жаттықтырушы-оқытушыларды бірден алған жағдайда жүргізіледі.

33. Оқу-жаттығу топтарында, спорттық жетілдіру және жоғары спорт шеберлігі топтарында сабақ өткізу үшін осы топтарға арнап бекітілген оқу-жаттығу жұмысының оқу бағдарламасындағы сағат сандарының шегінде, барлық спорт түрлерінен негізгі жаттықтырушы-оқытушыдан басқа, қосымша екінші жаттықтырушы-оқытушы жұмысқа тартылады.

34. Спорттық және көркем гимнастика, акробатика, үйлесімді жүзу, конькиде мәнерлеп сырғанау бөлімшелерінде оқу-жаттығу сабақтарының жалпы санының 70%-на дейін музыкалық сүйемелдеумен жүргізіледі. Суға секіруде, батутта секіруде, фристайлда сүйемелдеушілердің мөлшерлемелері оқу жоспары бойынша хореографияға бөлінген жалпы сағат саны есебінен көзделеді.

35. Топтар бойынша спорт түрлерін бөлу:

1) бірінші топ: акробатика, биатлон, бобслей, спорттық гимнастика, көркем гимнастика, тау шаңғысы спорты, шаңғы қоссайысы, шаңғы жарысы, ат спорты, жеңіл атлетика көпсайысы, сырықпен секіру, желкенді спорт, суға секіру, батутта секіру, шаңғымен серіппе тақтайдан секіру, шана спорты, үйлесімді жүзу, шыңға өрмелеу, садақ ату, нысана көздеу, стенд ату, қазіргі көпсайыс, мәнерлеп сырғанау, фристайл, семсерлесу, велоспорт (трек, тас жол), су шаңғысы спорты, автомобиль, мотоцикл, су моторлы, су асты, ұшақ, тікұшақ, желкерме, планер, дельта планер спорт түрлері, спорттық жүріс, марафон, триатлон, полиатлон және қолданбалы спорт түрлері;

2) екінші топ: спорттың командалық ойын түрлері;

3) үшінші топ: спорттың барлық қалған түрлері;

4) төртінші топ: ұлттық ат спорты түрлері (бәйге, аламан бәйге, жорға, қыз

қуу, аударыспақ, теңге алу) қыран құстармен аң аулау-саят, есу слалом;

5 ) к ө к п а р .

36. Бірінші топқа енгізілген спорт түрлерінде негізгі жаттықтырушы-оқытушыдан басқа шектес спорт түрлерінің жаттықтырушы-оқытушылары, сондай-ақ хореографтар, сүйемелдеушілер жұмысқа шақырылады.

#### **4. Басқару және кадрлық қамтамасыз ету**

37. Спорт түрлерінен бөлімшелерде жаттықтырушылар кеңесі құрылады. Жаттықтырушылар кеңестерінде бөлімшенің аға жаттықтырушы-оқытушыларының басшылық етуімен кемінде айына 1 рет оқу-жаттығу, тәрбие жұмысы, спортшыларды даярлауды жеке жоспарлау, жарыстарға қатысу мәселелері қаралады.

38. Спорт түрлері бойынша бөлімшелерде егер олардың әрқайсысының басшылығымен толық жүктемемен кемінде 3 жаттықтырушы-оқытушы жұмыс істейтін болса, онда ОРМБЖМ директорының бұйрығымен жетекші жаттықтырушы-оқытушылар арасынан бөлімшенің аға жаттықтырушы-оқытушылары тағайындалады. Бұл ретте екі қосымша жұмыс істеуші бір штаттық жаттықтырушы-оқытушы болып есептеледі. Аға жаттықтырушы-оқытушылар бөлімшеге түгелдей басшылық жасау үшін де, оқу кезеңдері, жасөспірімдер мен қыздардың құрамы бойынша да тағайындалады.

39. ОРМБЖМ директоры және оның қызметкерлері арасында өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек келісімшарты бойынша жүзеге асырады.

#### **5. Құжаттама, есеп беру тәртібі және есептілік**

40. ОРМБЖМ-нің мынадай құжаттамасы болуы қажет:

- 1) қосымша білім берудің оқу бағдарламасы;
- 2) өткен жылғы жұмысты талдау, директор бекіткен мектептің ұйымдық, оқу, спорттық-бұқаралық, тәрбиелік, әдістемелік, қаржы-шаруашылық жұмысы, біліктілікті арттыру, медициналық қамтамасыз ету, ата-аналармен жұмыс, жалпы білім беретін мектептермен және кәсіптік-техникалық училищелермен өзара іс-қимыл бөлімдерінен тұратын жылдық жұмыс жоспары;
- 3) жарыстардың, қабылдау, бақылау және шығару нормативтік талаптарын (тестілерін) орындау хаттамалары, олардың жалпы және арнаулы физикалық, техникалық даярлау бойынша орындалуын талдау және сынақтан өту кестелері;
- 4) спорттық жетілдіру мен жоғары спорт шеберлігі топтарының әрбір оқушысына арналған жеке жоспарлар;

5) ОРМБЖМ картасы, ОРМБЖМ-дағы спортшылардың, жаттықтырушы-оқытушылардың жеке карталары осы Қағидаларға 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес;

6) оқу-сабақтарының кестесі;

7) спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушылардың оқу жұмысының (үлгілік) есеп журналы;

8) ОРМБЖМ оқушыларының жасы, оқу жылының басындағы спорттық дайындығы және шұғылдану өтілі көрсетіліп, директордың бұйрығымен бекітілген бөлімшелер мен оқу топтары бойынша мектеп оқушыларының тізімі;

9) басқару органы бекіткен жаттықтырушы-оқытушылар құрамының тарихтік тізімі;

10) педагогикалық және жаттықтырушылар кеңесінің хаттамалары;

11) кіріс және шығыс құжаттамасының папкалары;

12) мектеп оқушыларының жеке іс қағаздары, бұйрық кітаптары, еңбек кітапшаларын, сенімхаттар мен басқа да құжаттарды беру кітабы;

13) 5-ФК статистикалық нысаны бойынша есептер;

14) Спорт түрлері бойынша бағдарламалар, қазіргі ғылыми-әдістемелік талаптарға сәйкес әзірленген спортшыларды жеке дайындау жоспарлары;

15) жаттықтырушы-оқытушылардың оқу жұмысын есепке алу журналдары болады.

41. ОРМБЖМ қызметкерлерінің штаттық кестесін ОРМБЖМ-де жүргізілетін спорт түрлерін және спорт ғимараттарының санаттарын ескере отырып, басқару органының басшысы бекітеді.

42. ОРМБЖМ басқару органымен келісім бойынша басшы бекітетін оқушының эмблемасын, билетін белгілейді.

Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектептерінің қызметін ұйымдастырудың тәртібі туралы қағидаларға 1-қосымша

### **БЖСМ алғашқы даярлық топтарына қабылданатын балалардың жасы**

Жасы (жыл)	Спорт түрлері
4-5	Мәнерлеп сырғанау
6-8	Спорттық гимнастика (қыздар), көркем гимнастика, теннис
7-9	Акробатика, су шаңғысы спорты, спорттық гимнастика (ұлдар), үстел теннисі, жүзу, суға секіру, батутта секіру, үйлесімді жүзу, ушу, фристайл, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ

8-10	Бадминтон, баскетбол, қалашық спорты, спорттық бағдарлау, футбол, спорттық туризм
9-11	Бейсбол, биатлон, су добы, волейбол, қол добы, коньки спорты, жеңіл атлетика, шаңғы жарысы, шаңғы қоссайысы, желкен спорты, шаңғымен тақтай серіппеден секіру, регби, көгалдағы хоккей, допты хоккей, шайбалы хоккей, шорт-трек, ұлттық ат спорты түрлері, ұлттық спорт түрлері
10-12	Сомдалу, бильярд спорты, бокс, велоспорт, еркін күрес, кір тасы спорты, академиялық есу, байдарка мен каноэде есу, дзюдо, каратэ-до, кекусинкай, кикбоксинг, грек-рим күресі, самбо, шаңғы спорты, шыңға өрмелеу, қазіргі көпсайыс, нысана көздеу, таэквандо, триатлон, ауыр атлетика (жасөспірімдер), семсерлесу, ат спорты, еспе слалом
11-13	Садақ ату
12-14	Стенд ату
13-14	Ауыр атлетика (қыздар)

**Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектептерінің қызметін ұйымдастырудың тәртібі туралы қағидаларға 2-қосымша**

**Оқу-жаттығу жұмысының режимі**

Кезеңнің атауы	Оқу жылы	Аптасына сағат саны	Топтарының толықтығы				
			Спорт түрлері бойынша топтары (адам)				
			1	2	3	4	5
1	2	3	4	5	6	7	8
Жоғары спорт шеберлігі	Барлық кезеңде	32 (36)	3	6	4	2	4
Спорттық жетілдіру	1 жыл	2 4	5	6	6	3	4
	2 жыл	2 6	4	6	5	3	4
	2 жылдан жоғары	28	4	6	5	3	4
Оқу-жаттығу	1 жыл	1 2	8	1 2	1 0	5	6
	2 жыл	1 4	8	1 2	1 0	4	6
	3 жыл	1 8	6	1 2	8	4	5
	3 жылдан жоғары	20	6	12	8	3	5
Алғашқы даярлық	1 жыл	8	1 4	1 8	1 4	8	8
	1 жылдан жоғары	10	12	16	12	6	6
Спорттық-сауықтыру	Барлық кезеңде	6	16	20	18	12	-

**Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектептерінің**



қызметін  
тәртібі  
3-қосымша

ұйымдастырудың  
туралы

қағидаларға

## БЖСМ КАРТАСЫ

Мекен-жайы \_\_\_\_\_ Басқару органы \_\_\_\_\_  
Спорт түрі \_\_\_\_\_ ашылған жылы \_\_\_\_\_

### I. Жинақтау

Даярлау кезеңдері	Оқу жылы	Топтары мен оқушылардың саны							
		20__ж.		20__ж.		20__ж.		20__ж.	
		Топ	оқушы	Топ	оқушы	Топ	оқушы	Топ	оқушы
Алғашқы даярлау	1								
	2								
Оқу-жаттығу	1								
	2								
	3								
	4								
	5								
Спорттық жетілдіру	1								
	2								
	3								
Жоғары спорт шеберлігі	Барлық кезең								
БАРЛЫҒЫ									

### II. Оқушылардың сапалық құрамы (біліктілігі)

Оқушылардың жасы	ЖСШҚ				СШ				СШК				1 с.р.			
	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__
22 және одан жоғары																
2 1																
2 0																
1 9																
18 және т.б.																

### III. Спорт резервін даярлау

Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командалар	20__ж.	20__ж.	20__ж.	20__ж.
Негізгі құрам				
Жастар құрамы				
Жасөспірімдер құрамы				

#### IV. Жаңадан даярланды

Біліктілігі	20__ж.	20__ж.	20__ж.	20__ж.
ЖДСШ				
СШ				

#### V. Жарыстарға қатысқан оқушылар саны

Құрамы	Иеленген орны	Халықаралық				Республикалық				Облыстық			
		20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	200__	20__	20__	20__
Жасөспірімдер	10-ғы 1-3 орын												
Жастар	10-ғы 1-3 орын												

#### VI. Жұлделі жеке және командалық орындар

Жарыс деңгейі	20__ж.	20__ж.	20__ж.	20__ж.
Халықаралық				
Республикалық				
Облыстық				

Директор \_\_\_\_\_

Оқу бөлімі бойынша директордың орынбасары \_\_\_\_\_

Аға жаттықтырушы \_\_\_\_\_

Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектептерінің қызметін ұйымдастырудың тәртібі туралы қағидаларға 4-қосымша

#### Жаттықтырушы-оқытушының жеке карточкасы

ОРМБЖМ \_\_\_\_\_ бөлімдер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Басқару органы \_\_\_\_\_ спорт түрі \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

Туған жылы \_\_\_\_\_ білімі \_\_\_\_\_ бітірді \_\_\_\_\_

Педагогикалық жұмыс өтілі \_\_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_





Алғашқы даярлық												
Оқу-жаттығу	1											
	2											
	3											
	4											
	5											
Спорттық жетілдіру	1											
	2											
	3											
Жоғары спорт шеберлігі	Кезең бойы											
Топтар	Оқу жылы	Жалпы дене дайындығы								Арнайы даярлық	Үздік спортты көрсеткі	
		30 м7ге жүгіру	Жүгіру 6 мин	Жүгіру 10 сек	Айналма жүгіру 3*10 м	Орнында тұрып ұзындыққа секіру	Тартылу	Допты отырып лақтыру 2 кг	Абалақовша жоғарыға секіру			
Бастапқы мәліметтер: Алғашқы даярлық	1											
	2											
Оқу-жаттығу	1											
	2											
	3											
	4											
	5											
Спорттық жетілдіру	1											
	2											
	3											
Жоғары спорт шеберлігі	Кезең бойы											

Келесі даярлық кезеңіне өту және ОРМБЖМ бітіру туралы белгілер:

ОЖТ-ға \_\_\_\_\_

СШЖТ-ға \_\_\_\_\_

ЖСШТ-ға \_\_\_\_\_

бітіруші \_\_\_\_\_

Жаттықтырушы-оқытушы \_\_\_\_\_

—  
Аға жаттықтырушы-оқытушы \_\_\_\_\_